

**Талдықорған қаласының экономикалық және әлеуметтік даму жөніндегі
Үйлестіру Кеңесін құру туралы**

Күшін жойған

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімиятының 2003 жылғы 4 мамырдағы N 10-209 қаулысы. Алматы облысы Әділет басқармасында 2003 жылы 23 мамырда N 1163 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімиятының 2007 жылғы 05 ақпанды N 5-115 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімиятының 2007.02.05 N 5-115 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бап 17 тармағына сәйкес қаладағы мемлекеттік билік органдарының мемлекеттік емес ұйымдармен өзара әрекеттік жолын жүзеге асыру және үйлестіру тиімділігін көтеру мақсатында қала әкімияты

ҚАУЛЫ

Е Т Т I :

1. Талдықорған қаласының экономикалық және әлеуметтік даму жөніндегі Үйлестіру Кеңесі құрылсын.

2. Талдықорған қаласының экономикалық және әлеуметтік даму жөніндегі Үйлестіру Кеңесінің Ережесі N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Талдықорған қалалық мәслихатына N 2, 3 қосымшаларына сәйкес Үйлестіру Кеңесінің және техникалық секретариаттың жеке құрамдары бекітуге енгізілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Ә.Досаевқа жүктелсін.

<i>Қала</i>	<i>әкімі</i>
<i>Аппарат</i>	<i>орынбасары</i>
<i>Экономика</i>	<i>жетекшісі</i>
<i>міндеттін</i>	<i>загер</i>
<i>Аудармашы</i>	<i>бастығының</i>
<i>Жалпы бөлім менгерушісі</i>	<i>атқарушысы</i>

Жалпы бөлім менгерушісі
Әкімияттың
4 мамырдағы
N 1 данасы

2003
N 10-209

жылғы
қаулысына

Талдықорған қаласының экономикалық және әлеуметтік дамуы жөніндегі Үйлестіру Кеңесі туралы

ЕРЕЖЕ

Жалпы ереже

Талдықорған қаласының экономикалық және әлеуметтік дамуы жөніндегі Үйлестіру Кеңесі (бұдан әрі Кеңес) нұсқаушы кеңесші орган болып табылады.

Кеңес тұрақты негізде құрылды және оның құрамы Тараптардың өкілдерінен құрылады: әкімият, мәслихат, мемлекеттік емес ұйымдар, бизнес құрылымдарының өкілдері және қаланың бастамашыл азаматтары. Кеңестің жеке құрамына өзгерістер Кеңестен шығып кеткен тараптардың ұсынысы бойынша енгізіледі.

Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметтің заң актілерін, басқа да нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Кеңес қызметінің міндеттері мен басты бағыттары

Кеңестің міндеттері:

қаланың әлеуметтік және экономикалық даму мәселелерін шешуде мемлекеттік басқару органдарының, билік өкілдерінің және басқа ұйымдардың әлеуметтік әріптестігін қолдау.

әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша мақсатты бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

қоғамдастықты әлеуметтік дамыту, халықтың хал-ахуалын көтеру мәселелерінде Кеңестің сындарлы бастамаларын талқылауға қолдауға және іске асыруға қатысу;

қала әкімияттың қарауына әкімият жүргізіп отырған экономикалық және әлеуметтік саясаттың басты бағыттары туралы ұсыныстарды енгізу.

Кеңестің негізгі бағыттары:

аймақтық атқарушы билік органдарымен (әкім аппараты, департаменттер, комитеттер, басқармалар, т.б.) экономикалық және әлеуметтік маңызды бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында, Кеңес мәжілістерінде тиісті шешімдер қабылдау үшін істің нақты жағдайы туралы ақпараттар және қолдау алу үшін өзара іс-әрекетті жүзеге асырады.

қоғамның көкейтесті мәселелері бойынша қоғамдық пікірлер ұйымдастыру, осы қаралған мәселелерді шешу бойынша келісімдер әзірлеу. шешімдердің экономикалық және әлеуметтік маңызды жобаларын әзірлеу

бойынша атқарушы билік органдарымен бірлескен жұмысты ұйымдастыру; Талдықорған қаласының одан әрі даму стратегиялық бағдарламасын әзірлеу.

Кеңестің негізгі құқықтары

Кеңес өз міндеттеріне сәйкес құқықты: экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуде жергілікті атқарушы және басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара іс жүргізуге; өз құзырына кіретін мәселелер бойынша нұсқаулар әзірлеп, ұсыныстар енгізуге; занда белгіленген тәртіппен Кеңестің міндеттерін шешу үшін меншіктің бар түріндегі ұйымдардан қажетті материалдарды сұрауға және алуға; талқыланған мәселелерге қатысы бар меншіктің бар түріндегі ұйымдардың өкілдерін Кеңестің мәжілісіне шақыруға; уақытша сараптық және жұмыс топтарын ұйымдастыруға; мұдделі мемлекеттік органдары мен ұйымдардың эксперттерін және кеңесшілерін жұмысқа тартуға.

Кеңестің қызметін ұйымдастыру

Кеңес төрағасы Кеңес мүшелерінен сайланады. Жұмысшы орган жүзеге асырады: Жұмыс жоспары негізінде бекітілген күн тәртібіне сәйкес Кеңес мәжілісіне әзірлікті жүргізеді, мәжіліс хаттамаларын жазады, Кеңес шешімін жүзеге асыру аясында мүшелердің және жұмысқа тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді, Кеңес мәжілістерінің күн тәртібін әзірлеу бойынша уақытша жұмыс топтарының қызметтерін үйлестіреді.

Кеңестің мәжілістері айна бір рет соңғы бейсенбіде өткізіледі немесе қажеттілікке байланысты Кеңес мүшелерінің ұсыныстары бойынша Кеңес төрағасы кезектен тыс мәжілістерді тағайындаиды.

Кеңес шешімдері ашық дауыспен қабылданады. Шешімдер қатысушылардың жалпы санынан көпшілік дауыс берген жағдайда қабылданады, хаттамамен рәсімделеді. Мүшелердің ерекше пікірлері хаттамаға міндетті түрде жазылады.

Кеңестің ұсыныстарын Кеңес атынан оның төрағасы әкімияттың мәжілістеріне қарауға енгізеді.

Кеңес қызметін қамтамасыз ету

Кеңестің қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету (Кеңес мүшелері, мәслихат және әкімият белгілеген органға) жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК